

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электрондық және электр техникалық жабдық қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 188 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылғы 1 маусымда Душанбеде жасалған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электрондық және электр техникалық жабдық қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық Келісімнің мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық Келісімінің жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық Келісімдерін тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады.
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 20 наурыздағы
№ 188 қаулысымен
бекітілген

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электрондық және электр техникалық жабдық қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы ынтымақтастығы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың ережелерін негізге ала отырып,

2012 жылғы 30 мамырдағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Өнеркәсіптік саясат жөнінде кеңес құру және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің және 2013 жылғы 31 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің ережелерін дамыта отырып,

бастапқы табиғи ресурстарды сақтау және үнемдеу мақсатында қайталама материалдар мен энергетикалық ресурстардың көзі ретінде электрондық және электр техникалық жабдық қалдықтарын (бұдан әрі – ЭЭЖҚ) шаруашылық айналымға барынша тарту бойынша ТМД-ға қатысушы мемлекеттер кәсіпорындарының өзара тиімді ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдаймен қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

электр техникалық және электрондық қалдықтарды және пайдаланылған электр техникалық және электрондық жабдықты трансшекаралық тасымалдаудың техникалық басшылық қағидаттарын, атап айтқанда 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына (2015 жылғы 4-15 мамыр, Женева, Швейцария) сәйкес қалдықтар және қалдық еместер арасындағы айырмашылықты жасау бөлігінде назарға ала отырып,

халықаралық шарттар мен осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамаларын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап Анықтамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеудің өңірлік жүйесіндегі қайталама материалдық ресурстар – қосымша өңдеуден кейін өндірісте шикізат, өнімдер және (немесе) энергия алу үшін пайдалануға ықтимал жарамды ЭЭЖҚ;

ЭЭЖҚ-ны пайдалану – өнімді өндіру және жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау және (немесе) энергия алу үшін қайталама материалдық ресурстарды қолдану;

ЭЭЖҚ-ның сыныптамасы – қалдықтарды басым белгілерінің жиынтығы бойынша: қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін қауіптілік сыныбы бойынша, пайда болған жері, агрегаттық күйі, химиялық құрамы бойынша және қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қауіпсіз және ресурс үнемдеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да сипаттамалары бойынша топтарға бөлу;

ЭЭЖҚ-ның қауіптілік сыныбы – қауіпті қалдықтарды белгілі бір қауіптілік сыныбына жатқызуға арналған халықаралық деп танылған өлшем шарттарға сәйкес қоршаған ортаға зиянды тікелей немесе жанама ықтимал әсерінің дәрежесін анықтайтын қалдықтардың сипаттамасы.

Қауіпті қалдықтарға 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қауіпті болып танылатын және бақылауға жататын қалдықтар санаттары, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қауіпті болып айқындалған қалдықтар жатады;

ең озық қолжетімді технологиялар – ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне негізделген, қалдықтардың қоршаған ортаға, азаматтардың өмірі мен денсаулығына

теріс әсерін төмендетуге бағытталған, технологиялық және экономикалық дамудың заманауи деңгейін ескере отырып, практикалық қолдану үшін қолжетімді ЭЭЖҚ-ны жинау, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру, орналастыру, жою технологиялары;

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу – қалдықтардың түзілуінің алдын алуды және оларды барынша азайтуды, қалдықтарды қайталама ресурстар ретінде пайдалануды, қалдықтардың түзілуін, жинақталуын және орналастырылуын есепке алуды және бақылауды, сондай-ақ оларды жинауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, орналастыруды, жоюды және трансшекаралық орнын ауыстыруды қоса алғанда, қалдықтармен жұмыстарды реттеудің құжатталған ұйымдық-технологиялық операцияларымен (осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес) байланысты қызмет;

ЭЭЖҚ – жабдықты пайдаланудан алып тастау сәтіне оның бөлігі болып табылатын компоненттерді, тораптарды қоса алғанда, өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан жабдық;

ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу – ЭЭЖҚ-ны қайта пайдалану үшін олардың физикалық, химиялық немесе биотехнологиялық қасиеттерін өзгертуге байланысты технологиялық операциялар;

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеудің өңірлік жүйесі – Тараптардың уәкілетті органдарымен келісілген нормативтік-құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру-басқарушылық және техникалық-технологиялық сипаттағы шаралар мен іс-шаралар кешені, оны іске асыру нәтижесінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде ЭЭЖҚ-ны экологиялық қауіпсіз қайта өңдеу, залалсыздандыру, орналастыру, көму, тасымалдау үшін, оның ішінде ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу стандарттарын үйлестіру; ЭЭЖҚ-ның қауіпсіз трансшекаралық орнын ауыстыруды оңтайландыру; ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу бойынша қолданыстағы қуатты жаңғырту және жаңасын іске қосу үшін жағдайлар жасау; қоршаған ортаға түсетін экологиялық жүктемені азайту, ЭЭЖҚ құрамындағы қауіпті заттардың мөлшерін азайту; ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу кезінде олардан алынатын қайталама материалдық ресурстар үлесін ұлғайту; ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласында тәжірибе алмасу және құзыреттілікті дамыту есебінен жағдайлар жасалуы тиіс;

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (құзыретті орган) – өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу саласында өкілеттік берілген және осы саладағы басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді қоса алғанда, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін жауапты мемлекеттік биліктің атқарушы органы;

электрондық және электр техникалық жабдық – электрондық құрылғылар мен компоненттерге схемаларды қоса алғанда, бірыңғай технологиялық схемада қамтылған, өзара әрекет ететін және бірін-бірі толықтыратын тетіктердің, машиналардың, аспаптардың және құрылғылардың кешенін білдіретін, электр тогы немесе электр

магниттік өріс пайдаланылатын өндірістік және (немесе) тұрмыстық мақсатқа арналған өнім, сондай-ақ осындай токтар мен өрістерді генерациялауға, беруге және өлшеуге арналған жабдық.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты ең озық қолжетімді технологияларды меңгеру есебінен осындай қалдықтарды қайталама материалдық ресурстардың көзі ретінде шаруашылық айналымға барынша тарту үшін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеудің өңірлік жүйесін құруына жәрдемдесу болып табылады.

3-бап

Осы Келісімнің негізгі міндеттері:

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің келісілген қағидаттарға негізделген және өзінің мақсаты экологиялық жүктемені азайту, қоршаған ортаға түсетін ЭЭЖҚ құрамындағы қауіпті зат мөлшерін азайту және оларды қайта өңдеу кезінде ЭЭЖҚ-дан алынатын қайталама материалдық ресурстар үлесін ұлғайту болып табылатын заңнамалық және өзге нормативтік актілердің ұлттық жүйелерін әзірлеуге жәрдемдесу;

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу стандарттарын әзірлеуге және келісуге жәрдемдесу;

ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу бойынша қолданыстағыны пайдалануды және жаңа қуатты құруға жағдайлар жасау және пайдалануды оңтайландыруға жәрдемдесу;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттермен келісілген және ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласында білім, тәжірибе алмасуды қамтамасыз етуге, осы саладағы сарапшылар мен мамандардың дайындық деңгейі мен біліктілігін арттыруға бағытталған экономикалық, әдістемелік және ұйымдастыру сипатындағы ұлттық шаралар кешенін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әзірлеуіне жәрдемдесу.

4-бап

Тараптар ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласындағы ынтымақтастықты мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау және келісу;

дамыту бағыттарын келісу және ЭЭЖҚ-ны сыныптаудың бірыңғай тәсілдерінің негізінде және олармен жұмыс істеу кезінде стандарттарды үйлестіру шартымен анағұрлым табысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін өзектендіру;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердегі өндірістік базаны жедел жаңғырту және оның техникалық деңгейін арттыру мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік институтын дамыту;

экономикалық, экологиялық, технологиялық және көліктік құрамдастарын қоса алғанда, ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеуді оңтайландыруға бағытталған өңірлік жүйені құруға жәрдемдесу;

бірлескен бағдарламалар мен жобаларды қоса алғанда, көрсетілген өңірлік жүйені орнықты дамытуға, оның ішінде ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу нәтижесінде алынған қайталама материалдық ресурстарды пайдалануды дамытуға және ынталандыруға бағытталған бірлескен шараларды әзірлеу және оларды іске асыруға жәрдемдесу;

бірлескен өндірістерді құруға, оларды өңірлік және жаһандық қосылған құн тізбектеріне кіріктіруге, қолданыстағы кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, салу және реконструкциялау кезінде белгіленген талаптарды ескере отырып, ЭЭЖҚ-ны қайта өңдеу бойынша қолданыстағы кәсіпорындарды пайдалану және жаңаларын салуды оңтайландыруға жәрдемдесу;

ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік қолдау және ынталандыру іс-шараларын әзірлеуге жәрдемдесу;

осы Келісімге қатысушы мүдделі мемлекеттер үшін қолайлы мерзімдерде және нысандарда осы Келісімге қатысушы мемлекеттің аумағында айналымға шығарылған ЭЭЖҚ-ны жинау, қайта өңдеу, қайта пайдалану және кәдеге жарату жөніндегі жауапкершілік жүктелетін өндірушінің (жеткізушінің) кеңейтілген жауапкершілігі қағидатын қолдау және іске асыру;

қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы кадрларды даярлау, кәсіби қайта даярлау, біліктілігін арттыру және бекіту саласындағы ынтымақтастық;

ЭЭЖҚ-ны халықтан жинау саласында тәжірибе алмасу.

5-бап

Тараптар осы Келісімге сәйкес халықаралық шарттардың және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасын сақтаған кезде өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдары арқылы өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырады.

6-бап

Тараптар осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарламаны тапсыру кезінде депозитарийге жіберілетін өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдарының тізбесін айқындайды. Уәкілетті (құзыретті) органдар тізбесінің өзгеруі туралы Тараптардың әрқайсысы осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде депозитарийге хабарлайды, ол бұл туралы қалған Тараптарды хабардар етеді.

7-бап

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары өзара келісілген шешімдерді және іс-шараларды әзірлеу үшін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу мәселелері бойынша консультациялар өткізу, ақпарат, пікір алмасу арқылы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

8-бап

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіптік саясаты жөніндегі кеңесі осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеу саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша өзара іс-қимылды үйлестіруші болып табылады.

9-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ЭЭЖҚ-мен жұмыс істеуінің өңірлік жүйесін қалыптастыру процесінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалған қажетті тәжірибесі және құзыреті бар ұйымдар консультанттар ретінде болуы мүмкін.

10-бап

Осы Келісім өзінің мемлекеті қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан олар үшін туындайтын Тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен рәсімделеді.

12-бап

Тараптар арасында осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскен басқа да рәсім арқылы шешіледі.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ТМД-ға кез келген қатысушы мемлекеттің қосылу туралы құжатты депозитарийге беруі арқылы қосылуы үшін ашық болады.

Осы Келісім қосылатын мемлекет үшін депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шыққанға дейін кемінде алты ай бұрын өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және осы Келісімнің қолданылуы уақытында туындаған міндеттемелерді реттеп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2018 жылғы 1 маусымдағы Душанбе қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін	Украина Үкіметі үшін
Молдова Республикасының Үкіметі үшін	